

Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және біріңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 қазандағы № 7/50-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 қазанда № 4716 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 наурыздағы № 19/167-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 14.03.2018 № 19/167-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386 бабының 5 тармағына, 444 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты
Ш Е Ш Т І :

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Жарма ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 378 бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 444 бабында белгіленген біріңғай жер салығының базалық мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Мәслихат хатшысы*

*М.Асанова
А. Сахметжанова*